

## Сарыағаш ауданы әкімдігінің кейбір нормативтік құқықтық қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 7 маусымдағы № 290 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабының 8 тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сарыағаш ауданы әкімдігінің мына қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 271 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" ( Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2688 болып тіркелген, "Сарыағаш" газетінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 79-82 (11411) нөмірінде жарияланған) қаулысы;

2) Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 96 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 271 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" ( Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3096 болып тіркелген, "Сарыағаш" газетінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 15 (11460) нөмірінде жарияланған) қаулысы.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Қыстаубаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б.Парманов*